

# **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

## **ӘДІСТЕМЕСІ**

**Қапантайқызы Шынар**

**Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ профессоры, п.ғ.д.**



# ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ

**ЖАҢАРТЫЛАҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ**

**«Мәңгілік ел» базистік құндылығы**  
Қазақстандық білім беру жүйесінде

- 1) Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу.

Құндылықтарға негізделген "Адам", "Ар-ұждан", "Намыс", "Отбасы", "Отан", "Тіл", "Мәдениет", "Білім", "Еңбек", "Табиғат" мазмұндық концептілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын, дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы



## ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ –

мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу.

## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ –

тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығы.




## PISA

Оқушылардың математикалық, ғылыми жаратылыстану және оқу сауаттылық бағытында алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалау.



# КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ - ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

алған білімді өмірде қолдана алу мүмкіндігі.



XXI ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің түрлері:

- командадағы жұмыс дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT-құзыреттілік;
- қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б.





**ТІРЛІК ШАРАСЫНА**

**ҮЙРЕТЕТІН БІЛІМ**

**А. Байтұрсынұлы**

**«Мектепке бала бергенде, ата-анасы баланы  
тұрмыс ісіне қайым болып, өмірдің азабын көрмей,  
рахатын көргендей адам болып шықсын деген  
үмітпен береді».**

М. Жұмабаев «Педагогика»




**Байтұрсынұлы А. БАУЛУ МЕКТЕБІ // «Жаңа мектеп» 1925. №1. 24-27 б.**

Мақаланы араб жазуынан орыс графикасына түсіріп, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» атты журналында (Алматы, 2000) және «Жалын» (2009. №9. 37- 39-б.) журналында жариялаған – О.Жұбаева.

Ахмет Байтұрсынұлы: Баулу мектебі ([adebiportal.kz](http://adebiportal.kz))

**Дағдылы оқу мектебін «баулу» мектепке айналдыру**

# ҚАЗАҚТЫҢ БАЛА ҮЙРЕТУ, ТӘРБИЕЛЕУ ТАРИХЫНДА БАЛА ҮЙРЕТУДІҢ ТҮРЛЕНУІ



«Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім **жандырақ.**

«Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім **жандырақ.**

«Баулу» беретін білім бәрінен де **жандырақ.**

Оқу біткеннің бәрінен алатын білім – өлі білім. Үйткені оның бәрі де нәрсенің өзімен, затымен айналыстырып үйретпей, тек нәрсенің атымен, бернесімен ғана айналыстырып үйретеді. Бәрі де істің әдісін үйретпей, тек мәнісін үйретеді. Сондықтан оқу мектептерінен шыққандарда **мәніс білім** мол болғанмен, **әдіс білім** аз болады. **Әдіссіз тек мәніс білімі – өлі білім.**

Тіршілік – тірлік шарасы. **Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек.** Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек.

Тіршіліктің ең оңай ісі – қазық істеу немесе қарындаш ұштау. Бірі шотпен, екіншісі пышақпен істеледі. Шотты қалай ұстап, қалай жону **мәнісін түсіндіріп, әбден білдіргенмен,** шот шауып, пышақпен жонып **әдісін алмаған** адам қазықты да дұрыстап істей алмайды, қарындашты да дұрыстап ұштай алмайды.

**А. Байтұрсынұлы**

Баулу мектебі // «Жаңа мектеп» 1925. №1. 24-27 б.

# «КӨРНЕКІ ОҚУ» МЕН «БАУЛУ» ЕКЕУІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАСЫНЫҢ АСЫЛЫ

Көрнекі оқумен  
бала үйрету

Көріп білу

Нәрсеге тек жүріп, ісің  
түспей қарағандағы  
байқау


Тоғай талын тамашаға  
апарып танытқан  
мыйсалды

Баулумен бала  
үйрету

Істеп білу

Нәрсеге жұмыспен  
келіп, ісің түсіп  
қарағанда байқау

Құрықша іздетіп  
танытқан мыйсалды



## ТІЛДІК (танымдық)


## СӨЙЛЕСІМДІК (коммуникативтік)

## ТАНЫМДЫҚ


## КОММУНИКАТИВТІК

- Негізінен тілдік материалды логикалық танымы арқылы қабылдауын жүзеге асырады;
- фонетикалық, грамматикалық икем, дағдыларын қалыптастырады;
- грамматикалық формуламен, модельдермен ойлау әрекеттерін басқарады;
- логикалық рационалдық ойлауды жүзеге асырады;
- сөйлесім әрекетінің интеллектуалды сипаты басым.

- Негізінен тілдік материалды эмоционалдық сезімі арқылы қабылдауын жүзеге асырады;
- образды ойлауын, сөйлесім дағдысын қалыптастырады;
- сөздің астарлы ұғымдарын түсіну, әзіл-қалжыңға жүйріктік, автоматты түрде жылдам жауап қайтару реакциясын басқарады;
- сезім иірімдеріне жетекшілік жасайды, көркем-образдық, сезімдік ойлауды жүзеге асырады;
- сөйлесім әрекетінің эмоционалды сипаты басым.



Қазақ тілін оқып-үйрену және ойлау стилі	Қатысқандар саны
Сол (С)	14 (21,2 %)
Оң (О)	11 (16,6 %)
Аралас (А)	41 (62,2 %)



Тіл – тіршілік құралы. Тіл үйрету (оқу, жазу, сөйлеу үйрету мағанада) сол тіршілік құралын жұмсауды үйрету. Олай болса, тіл үйрету өнері тұрмыс өнері болмақ. **Тұрмыс өнері** өзінің тұрмыстағы байласқан нәрсесінің түріне қарай **тұрмыспен бірге өзгермек.**

**А. Байтұрсынұлы Ана тілінің әдісі // 1927. №9 (24). 23-31-б.**

**ТЫҢДАЛЫМ**

**АЙТЫЛЫМ**



**ОҚЫЛЫМ**

**ЖАЗЫЛЫМ**

6. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) мәтіннен ақпаратты анықтау;
- 4) негізгі ойды анықтау;
- 5) тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау;
- 6) сөйлеу мәдениетін дамыту.

7. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу;
- 5) мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау;
- 6) оқылым стратегияларын қолдану;
- 7) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

8. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) жоспар құру;
- 2) әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- 3) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 4) эссе жазу;
- 5) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрі  
міндетін атқарушысының  
2017 жылғы «25» қазандағы  
№ 545 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
192-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің  
5-9-сыныптарына арналған  
«Қазақ тілі» пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасы  
(оқыту қазақ тілінде)



## СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ҒЫЛЫМЫ

1) шығарманың тілінің  
ғылымы

Тіл өңі жағынан тіл я лұғат  
қисыны

Дыбыстардың, сөздердің,  
сөйлемдердің заңынан  
шығатын тіл өңінің  
жүйелерін танытады

2) шығарманың түрінің  
ғылымы

Мазмұн жағынан қара сөз  
жүйесі, дарынды сөз жүйесі

Сөз өнерінен шыққан  
нәрселердің мазмұн  
жағының жүйелерін  
танытады

1. Мәтін талдау (тыңдалым, оқылым):

- 1) Мәтін мазмұнын тану;
- 2) Мәтін құрылымын тану;
- 3) Мәтін тілін тану.

2. Коммуникативтік-тілдік нормаларды меңгеру:

- 1) Мәтін жүйесі
- 2) Тіл жүйесі.

3. Мәтін құрастыру (айтылым, жазылым):

- 1) Берілген мәтін бойынша жұмыс;
- 2) Мәтін құрастыру;
- 3) Ойды жүйелі жеткізу;
- 4) Түрлі дереккөздермен жұмыс.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұны:

мәтін жүйесі және тіл жүйесі (қазақ тілінің сөз жүйесі, дыбыс жүйесі, сөзжасам, сөз құрамы, сөз тіркесі, сөйлем жүйесі, тіл қисыны және тыныс белгілері) жайлы базалық білім.